

## **Алматы энергетика және байланыс институтын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 10 қаңтардағы N 43

Энергетика және телекоммуникациялар саласында жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ету үшін жоғары білім беру жүйесінде реформаларды одан әрі дамыту мен тереңдету және жоғары техникалық оқу орындарын тапсырыс беруші кәсіпорындардың қаражаты есебінен оқытудың ақылы нысанына кезең-кезеңмен көшіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігінің Энергетика институтының базасында оны Қазақ ұлттық техникалық университетінен бөліп шығару жолымен мемлекеттік емес жоғары оқу орнын - Алматы энергетика және байланыс институтын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне:

Алматы энергетика және байланыс институтына құрылтайшы болу;

Қазақ ұлттық техникалық университеті Энергетика институтының жабдықтарымен бірге, оқу корпусын және студенттер жатақханаларын жарғылық қорға салым ретінде қосу;

1997 жылғы 1 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен және Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп құрылатын Алматы энергетика және байланыс институтының Жарғысын әзірлеу және оны белгіленген тәртіппен тіркеу тапсырылсын;

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі екі ай мерзімде:

1997/1998 оқу жылына арналған қабылдау жоспарының жобасында 1997/1998 оқу жылымен салыстыру бойынша мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен студенттер қабылдау жоспарының кемінде 50 процентке қысқаруын қарастырып, мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін айқындасын;

құрылатын Алматы энергетика және байланыс институтына білім беру қызметі құқығына арналған лицензия берсін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Қазақ ұлттық техникалық университетінің Энергетика институтын қайта ұйымдастыру жөніндегі қажетті шараларды белгіленген тәртіппен аяқтасын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК